

**Мәңгілік ел-мәртебелі тіл**



Н.Ә.Назарбаев

Мен *Мәңгілік Ел* ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының *түп қазығы* етіп алдым.


Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – *Мәңгілік Ел болу* біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

# «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы

*...Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі.*

*...Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!*

*...Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті.  
Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!*



«Мәңгілік Ел» идеясы



Ұлт жоспары - «100 нақты қадам»



Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы



«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

*Елбасының сындарлы саясатының негізгі басымдылығы ортақ мүдде, бірлік, татулық, бейбітшілікке үндейді.*

# «Мәңгілік Ел» - жас ұрпақ үшін маңызды мәселе

*Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.*

*Н.Назарбаев*



\* Халықтың рухани болмысының алтын қазынасына айналған ақын-жыраулар поэзиясын оқыту – «Мәңгілік Елдің» жас ұрпағы үшін маңызды мәселе.



Қазақ елі үшін бірлігін сақтауға, мемлекеттілігінің тұтастығын қамтамасыз етуге жыраулар поэзиясының беретін тәлім-тәрбиелік жақтары ұшан теңіз.



\* Жаһандану заманында Қазақстанның өркендеп дамуына тигізер ықпалы зор.



\* Ұрпақтың **Мәңгілік болашағы** – педагог қызметкерлердің қолында.